

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Науырзым ауданы Қараменди ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 5 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменди ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 1 қазандағы № 13 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қазанда № 24688 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 01-20/244 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменди ауылдық округі Қараменди ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын:

Қараменди ауылы мына мекенжайлар бойынша: Уәлиханов көшесі, 11 үй, 2 пәтер, Автомобилистер көшесі, 10 үй, 1 пәтер, Автомобилистер көшесі, 12 үй, 2 пәтер, Автомобилистер көшесі, 13 үй, 2 пәтер, Автомобилистер көшесі 17 үй, 1 пәтер, Автомобилистер көшесі, 19 үй, 1 пәтер, Автомобилистер көшесі, 2 үй, Автомобилистер көшесі, 6 үй, 1 пәтер, К.Алин көшесі, 19 үй, 1 пәтер, Амангелді көшесі, 49 үй, 2 пәтер, Баймағамбетов көшесі, 1А үй, 1 пәтер, Жансұғиров көшесі, 1 үй, 1 пәтер, Майлин көшесі, 1 үй, 2 пәтер, Б.Момышұлы көшесі, 8 үй, 2 пәтер, Победы көшесі, 8 үй, 2 пәтер, Сәтпаев көшесі, 19 үй, 2 пәтер, Сәтпаев көшесі, 20 үй, Сәтпаев көшесі, 37 үй, 2 пәтер, Сәтпаев көшесі, 9 үй, 1 пәтер, Строительная көшесі, 3 үй, 1 пәтер, Чапаев көшесі, 30 үй, 1 пәтер, Шақшақ Жәнібек көшесі, 12 үй, Шақшақ Жәнібек көшесі, 17 үй, 2 пәтер.

2. Науырзым ауданы Қараменди ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 18 наурыздағы № 5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9827 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы Қараменди ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім Казақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қараменди ауылдық округінің әкімі

H. Жапбасбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК